



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 39/424

02 октября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

4-қазан – мұғалімдер мейрамы

Дайджест казахстанской прессы

ҰСТАЗДЫҚПЕН ӨТКЕН 40 ЖЫЛ

(ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ОЧЕРК)

Бақандай қырық жылын ұстаздыққа арнаған Тыныш апайды қалада танымайтын кісі жоқ шығар?.. Жарты ғасырға жуық өткен осы кезеңде ол кісінің алдынан қаншама шәкірттер түлеп ұшқаны бір құдайдың өзіне ғана аян. Қызылшырайлы өңіне жымнысы жарасқан, кездескен кісімен жылыұшырай амандасатын, адам жатырқамайтын қасиеттері де осынау ұстаздық қызметімен ұштасып жатса керек. Мұғалімдер мерекесі қарсаңында қаладағы мектептерден лайықты кейіпкер таңдау мақсатында қалалық білім бөліміндегі мамандармен хабарласып, өтінішімізді айтқанбыз. Олар мектеп басшылығымен кеңесе отырып, Тыныш апайдың есімін атады. Сонымен апаймен сөйлесу үшін №1 қазақ орта мектебіне ат басын бұрғанбыз.

Т.Жалханованың сыныбы бірінші қабаттағы 104-бөлмедегі биология пәніне арналған арнайы кабинетте екен. Үлкен үзіліс кезіне тап болып, біраз әңгімелесуге мүмкіндік алдық... Осыдан 20 жыл бұрын қалаға көшіп келген кезден бастап Тыныш апайды жақсы танымын. Әрі соңғы жылдары үй арамыз жақындап, көрші болған жайымыз да бар. Осыдан бұрынғы жылдарда зейнетке шыққанымен, биология пәні маманы жетіспеуіне байланысты мектеп басшылығы апайды қолқалап, ұстаздық қызметін әлі де жалғастыруда. Жалғасыруда дегеннен гөрі, тиянақты еңбек етуде деген дұрыс шығар. Жасы алпыстан асты деген аты болмаса, қайраты қайтып, босаң тартқандығы тұлғасынан сезілмейді. Сыныпта да сол ұстазды, жайдары қалпынан таймаған. Сынып бөлмесіне пәнге лайықталған көргізімдер мен қолданбалы құралдар орналастырылған үлкен шкаф қойылыпты. Тап-тұй-нақтай таза сынып бөлмесі балалардың алаңсыз

қазақты дөңгелек дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашыратып жібергені мәлім. Сондай қағынан айрылған құланның күйін апайдың да ата-бабалары кешкен екен. Сөйтіп ол кісі Тәжікстан Республикасының Қуляб облысы, 1-мамыр ауылында 1951-жылдың 22-шілдесінде дүниесігін ашыпты. 1958-жылы мектеп табалдырығын аттап, 1961-жылы ата-анасы Өзбекстанның Гази



каласына көшіп өтеді де, 4-сыныптан бастап осы жердегі Ленин атындағы қазақ орта мектебінде 4-сыныптан бастап сабағын жалғастырған. Мектепті бітірген соң 1973-жылы Бұхара қаласындағы Орджоникидзе атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың биология факультетіне оқуға түсіп, 1978-жылы аталған білім ордасын бітіріп шығады. 1971-жылдан бастап еңбекке араласқан апайдың бүгінгі толық еңбек өтілі 44 жылды құрайды.

Ұстаздық жолда жүргеніне аттай 40 жыл болыпты. Бір кездері атамекенінен жыраққа ата-бабасын балақпанның тасындай лақтырыған тағдыр арадан ұзақ жылдар өткенде Тыныш апайдың отбасын тарихи Отанына оралтуға жазыпты. 1995-жылы осы қалаға көшіп келген көптеген жерлестерімен бірге табанын Балқаш көлінің жағасында орналасқан осы қалаға тігізген. Сол кездегі Қазақстанның 60 жылдығы атындағы мектепке алғашқылардың бірі болып жұмысқа тұрған және қазіргі қазақ орта мектебінің іргетасын қалағандардың бірі де Тыныш апайға бұйырыпты.

1976-жылы тұрмыс құрған апай мен жұбайынан бүгінде 4 бала өсіп-жетіліп, еңбекке араласып кеткен. 3 ұлы әскери бөлімдерде келісімшарт бойынша әскери қызметші болса, біреуі ЖПУ-де жүргізуші. Өміржолдасы да осы мекеме

(соңы 2 бет.)



білім алуына лайықталғаны көрініп тұр... Бұдан әрі біз Тыныш апайдың өткен өміріне сүңгіп, ғұмырнамасын парактай жөнелдік...

Өткен ғасырлардағы тағдыр талайы талай

ТӨЛ МЕРЕКЕЛЕРМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Құрметті Приозерск қаласында тұратын асыл қазынамыз – қариялар мен ұстаздар қауымы! Сіздерді қазан айының басында қатар келген төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің аталарымыз бен әжелеріміздің салып кеткен сара жолдары әрдайым өскелең ұрпаққа өнеге және тағылым-тәрбие. Қиын-қыстау замандардың куәсі болған, еліміз бен халқымыздың өркендеуі, тұтастығы, бірлігі мен берекесі үшін аянбай тер төккен, ұрпақ өсіріп, оларға тура жол сілтеген Сіздердің еңбектеріңіз ешқашан ұрпақ жадынан өшпек емес! Сіздерді біз және жас өркендер құрмет тұтамыз және бағыт беруші темірқазық санаймыз!

Еліміздің болашағын жетілдіріп жатқан ұстаздардың қоғамдағы қызметі мен еңбегі ерекше екенін біз жақсы білеміз. Сіздер білім беріп, тәлім мен тәрбие ұрығын сеуіп жүрген балалар біздің және Тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ азаматтары, мамандары. Солардың қатарынан келешекте ғалым да, жұмысшы да, ғарышкер мен Отан қорғайтын ұлан да шығарына сеніміміз кәміл. Сіздер үшін қандай құрмет те лайықты деп білеміз!

Құрметті қариялар мен ұстаздар, Сіздердің жарқын өмірлеріңіз болашақ ұрпаққа үлгі болып, жақсы да жайдарлы, жемісті де, жеңісті күндердің куәсі болып, әрдайым сапта болуға жазсын!

Амандық Жұмаханұлы СЕРКОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

БРИФИНГ ПО ИТОГАМ ВИЗИТА В СОЕДИНЕННЫЕ ШТАТЫ АМЕРИКИ



Президент Казахстана отметил, что совершил визит для участия в юбилейной сессии по приглашению Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна.

«На Общих дебатах Генассамблеи мною было представлено видение нашей страны глобальных политических и экономических вопросов. Кроме того, я принял участие в саммитах ООН по принятию Повестки дня в области развития на период после 2015 года и по борьбе с насильственным экстремизмом. Также представилась возможность провести встречи с главами ряда государств и правительств. Все это имеет большое значение для Казахстана, мнение которого услышало глобальное сообщество», - сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев также остановился на основных вопросах своих выступлений.

Прежде всего, я предложил преобразовать Экономический и Социальный совет ООН в Совет Глобального Развития. Следующий вопрос - нераспространение ядерного оружия. Казахстан в этом направлении играет ведущую и активную роль. В этом аспекте необходимо дальнейшее продвижение при участии мирового сообщества. В XXI веке человечество должно отказаться от оружия массового поражения. Что касается противодействия экстремизму, наша страна чувствует его влияние на себе, ведь в рядах подобных групп есть и завербованные в Казахстане молодые люди. В целом, была отмечена важность сплочения стран, как это было после событий 11 сентября 2001 года. Я также обратил внимание участников встреч к проблемам Аральского моря, Семипалатинского полигона с надеждой на соответствующую поддержку», - сказал Президент Казахстана.

По словам Главы государства, к 2045 году человечество должно решить все основные проблемы, особенно в "горячих точках" земного шара.

Уровень бедности на планете очень высокий. Сегодня недоедают порядка миллиарда жителей Земли, миллионы людей безграмотны, смертность среди детей составляет 40 млн ежегодно. Богатые страны должны оказывать помощь бедным. В связи с этим я предложил, чтобы все государства выделяли 1% своих военных расходов на реализацию Целей тысячелетия. Это была бы большая помощь. Считаю, что все поднятые нашей страной вопросы нашли должный отклик», - сказал Нурсултан Назарбаев.

Глава государства отметил, что еще одной темой, нашедшей отклик участников форума, стало место расположения штаб-квартиры ООН.

В 1945 году было принято решение о дислокации главного офиса Организации в

Нью-Йорке. С тех пор прошло 70 лет, мир изменился. Сегодня динамичное развитие наблюдается в Азии. Поэтому в целях активизации и обновления деятельности ООН мною было высказано предложение о переводе ее штаб-квартиры на Азиатский континент», - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что речь на государственном языке нашей страны впервые прозвучала с трибуны Генассамблеи ООН.

Мое выступление на казахском языке, которое было синхронно переведено на все шесть официальных языков Организации, также стало хорошим знаком», - сказал Глава государства.

Кроме того, Нурсултан Назарбаев отметил, что в ходе переговоров с Президентом США Б.Обамой были обсуждены вопросы развития двустороннего сотрудничества. В частности, ожидается приезд в Казахстан Государственного секретаря США Дж.Керри.

Все семь лет диалога с Б.Обамой были продуктивными. США оказали содействие вступлению нашей республики в ВТО, постоянно поддерживают все наши инициативы. В Казахстане работает порядка 500 американских компаний, объем прямых инвестиций США составляет около 30 млрд долларов. Я отметил, что наша страна рассчитывает на поддержку наших устремлений, экономических программ со стороны США», - сказал Глава государства.

Президент Казахстана также выразил удовлетворенность итогами встречи Президента России В.Путина и Президента США Б.Обамы, которая способствует улучшению отношений между двумя странами.

В завершение Глава государства подчеркнул важность состоявшейся встречи с представителями крупнейших американских корпораций и деловых кругов.

Совокупная стоимость активов "капитанов экономики" составляет 10 трлн долларов. По признанию модераторов встречи, прежде главы государств не встречались со столь большим количеством бизнесменов. В ходе неформальных переговоров нам представилась возможность рассказать о реализуемых в нашей стране проектах и пригласить их участвовать в таких программах развития, как "Нурлы жол" и ФИИР. Я также обратил внимание, что объединение усилий Евразийского экономического союза, Европейского союза и Экономического пояса Шелкового пути будет полезным для экономического развития всей Евразии», - сказал Президент Казахстана.

источник: <http://www.akorda.kz/ru>
г.Нью Йорк, 2015 г.



ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

«Елдің дамуы - білім мен білімді ұрпаққа байланысты» - деп айтар болсақ, дәл осы сөзіміздің айқын бейнесі Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «Ұлт жоспары - 100 нақты кадам» бағдарламасынан көрініс тапқандай. Аталмыш құжаттың 76 қадамында айқын көрсетілген: «...функционалық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту» - деген жолдардың білім саласындағы аянбай тер төгіп жүрген ұстаздар қауымының игілікті істеріне тың серпін беретіні сөзсіз.

Елбасының осы реформалық бағдарламасын берік ұстанған, бастауыш сыныпқа білім беру саласының білікті маманы Бердиева Салтанат Көшекқызы өзінің әріптестері арасында алдыңғы қатардағы ұстаздардың бірі болып саналады.

Білгір ұстаз Салтанат Бердиева бұл күнде қаламыздағы «№1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 3 «а» сыныбына жетекшілік етеді. Бүгінгі күнге дейін үш мәрте бастауыш сыныпты жоғары сынып қатарына қанат қақтырған Салтанат Көшекқызының еңбегі ерекше. Ол балалығы әлі басыла қоймаған балғын бүлдіршіндерге әріп тану мен жазуды үйретіп ғана қоймай, қатарынан төрт жыл бойы оқушыларының алған білімдерін терең үнілуге жетелейді.



жырга қосып кеткендей, ұстаздық еткен жанның тұлғалық қасиеті оның алған атағында емес, шәкіртінің сапалы білімі мен саналы тәрбиесімен өлшенетіні айдан анық. Сынып оқушыларының арасынан оқуда алда және үлгілі тәртіптерімен көзге түсіп жүрген Маржан Алшымбекова, Жансерік Жұмағазин, Томирис Сейілбекова, Ернар Смайыл, Айнұр Оралханова және Эльвира Ибрагимова есімдеріне ерекше тоқталған жөн. «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, аттары аталған оқушылардың бүгінгі заман талабына сай қандай да бір тақырыпты кеңінен ашып, терең мағыналы жүйеде жеткізе білудегі талаптары басым. Бұл да болса сынып жетекшісі Салтанат Бердиеваның елеулі еңбегінің жемісі деп білеміз. Оқушыларға білім беруден бөлек, олардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып алған Салтанат Көшекқызы оқу үлгерімі мен тәрбие берудегі түйкілі мәселелерді бірлесіп шешу ісін дұрыс жолға қойған. Бойындағы бары мен нәрін оқушы бойына сіңіре білген ұстаздың мақтаншы, оның шәкірті екенін білеміз. Білім берер ұстаздың бақыты да, басты байлығы да - солар. Өйткені, шәкірт - ұстаз еңбегінің жемісі, төккен терінің нәтижесі, сондай-ақ оның аса жауапты қызмет-тегі жеткен жетістігі.

Олай болса, шәкірттеріне білім беру ісінде аянбай тер төгіп жүрген ұстаз Салтанат Көшекқызы Бердиеваның алдағы күндеріне зор табыстар тілейік!

Т. Кенжебеков



«Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» - деп, бекер айтылмаса керек. Қазіргі таңдағы білікті ұстаздың тәлім-тәрбиесіндегі сынып оқушылары оқу үлгерімі мен тәртібі жағынан қатарлас сыныптастары арасында оқ бойы алда келеді. Ұлағатты ұстаздың жетекшілігіндегі сынып оқушылары мектептің қоғамдық жұмыстарына да жоғары белсенділік танытып жүр.

«Ақынның ақындығы атақта емес, Ақынның ақындығы арда ғана» - деп қазақтың ақын ақын Мұқағали Мақатаев

ҰСТАЗДЫҚПЕН ӨТКЕН 40 ЖЫЛ

(соңы басы 1 бет.)

-де эксковатршы. Немере иіскеп, мейірін қандырған ардақты әжелер санатында. Тыныш апайдың ұзақ жылдық жемісті еңбегі елеусіз қалмағанын оның Үкімет пен білім мекемесінен алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарынан аңғаруға болады. 2003-жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінен «Алғас хатпен» марапатталыпты. І-санаптағы мұғалім. Соңғы жылдары ол кісінің пәні бойынша шәкірттері ҰБТ-де өте жоғары нәтижелерге ерісуде. «Апайдың шығармашылық ізденіспен, мазмұнды өткізген әрбір сабағы өз шәкірттеріне шығар биігі мен болашақ өмір жолының өрнегін айқындайтындей әсер қалдырады. Ол кісі жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде халық педагогикасының озық үлгілерін, деңгейлік оқыту және топпен жұмыс істеу әдістерін ұтымды пайдаланып отырады...» Бұл мектеп басшылығын апайға берген мінездемесінің бір шеті ғана. 2004-жылы бір оқушысы Қарағанды

қаласында өткен Қазақстан Республикасының шағын ғылыми академиясының XXXIV ғылыми-практикалық конференциясында «Жүрек аурулары» атты тақырыпты қорғап, II-дәрежелі дипломмен марапатталыпты. Оқушылары қалалық, облыстық пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Приозерск қаласы әкімі мен қалалық оқу бөлімінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталғаны да апайдың өз қызметіндегі білікті ұстазға тән талмай еткен еңбегінің жемісінедей. Т.Жалханова тек шәкірттерінің ғана емес, өзімен бірге қызмет ететін ұстаздардың да ұстазы болып саналады. Өзі оқытып, қанатын қақтырған шәкірттері бүгінде өзімен бірге қызмет етіп жүр. Төл мерекесін қырықыншы рет атап өткелі отырған Тыныш апайға мықты денсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат тілейміз біз де өз тарапымыздан!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Тілдер мерекесіне орай

АНА ТІЛІМ-ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

«Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» - деп Ахмет Байтұрсынов ағамыз айтқандай тілдер күні Қазақстан Республикасындағы әрбір ұлттың ерекше мерекесі болып табылады. Тілдер күні әрбір ұлт өкілінің өз тіліне деген құрметін білдіретін атаулы күн болып табылады. Міне, осындай атаулы мерекені Қарағанды облысының

Приозерск қаласындағы №1 мектебі де атап өтті. **Іс-шараның мақсаты:** жастарды ана тілінің қадір-қасиетін біліп, Ана тілі-анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына екендігін түсіндіру.

(соңы 4 бет.)

НАГРАЖДЕНИЕ ПОБЕДИТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА "ЛУЧШИЙ ПЕДАГОГ"

01 октября 2015 года Министр образования и науки Республики Казахстан А. Саринжинов наградил победителей Республиканского конкурса "Лучший педагог", посвященного Дню Учителя. Торжественная церемония награждения состоится во Дворце школьников г. Астана 1 октября 2015 года.

Церемонии открыл министр образования и науки РК А.Саринжинов: "Четвертый год имидж педагогических профессий поднимает конкурс педагогического мастерства "Лучший педагог". Уважаемые коллеги! Среди 297 тысяч учителей школ и 45 тысяч преподавателей колледжей вы - лучшие из лучших. Быть лучшим - это не только приятно, это большая ответственность. На вас сейчас смотрит вся страна, на вас равняются молодые специалисты и с вас берут пример коллеги. Спасибо Вам за профессионализм, терпение, любовь к своему делу. Сегодня в зале присутствуют ветераны педагогического труда. Дорогие наставники! Вы передали знания ученикам, учили их любить и уважать свой народ и землю. Закладывали в их души веру в то, что будущее

страны зависит от каждого из них. С праздником! С Днем Учителя!" - отметил министр.

Обращаясь к участникам собрания, Аслан Саринжинов рассказал о приоритетных направлениях в системе образования, которые определил Глава государства Н.Назарбаев в Плане нации "100 конкретных шагов" и в своих Посланиях.

В ходе церемонии награждения министр вручил победителям конкурса медали "Уздік педагог", отличившимся педагогическим работникам системы технического и профессионального образования присвоено звание "Лучший педагог - 2015 года". Ветеранам педагогам А.Саринжинов вручил нагрудные знаки "Білім беру ісінің құрметті қызметкері", медали "Еңбек ардагері" и Почетные Грамоты МОН РК. Отдельно отмечены педагоги из регионов: министр наградил коллег нагрудным знаком "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері" ("Почетный работник образования РК"), нагрудным знаком "Ыбырай Алтынсарин" и почетными грамотами.

источник: <http://www.nomad.su>

ПОЗДРАВЛЕНИЯ УЧИТЕЛЯМ!

И снова в золоте тополя,
А школа — как корабль у причала,
Где ждут учеников учителя,
Чтоб новой жизни положить начало.
На свете нет богаче и щедрей,
Чем эти люди, вечно молодые.
Мы помним всех своих учителей,
Хотя и сами уж почти седые.
Они в судьбе у каждого из нас,
По ней проходят слово красной нитью.
Мы гордо произносим каждый раз
Простых три слова: «Это мой учитель».
Мы все в его надежнейших руках:
Учений, врач, политик и строитель...
Живи всегда в своих учениках
И счастлив будь, наш капитан-учитель!

Учитель!

Даже через много лет
Зажженный Вами не погаснет свет!
И сердце, знаю, будет молодым
Пока огонь священный будет с ним.
Твоя душа от всяческих невзгод
Врачующее пламя сбережёт.
Оно ещё поможет нам в пути
Хитрейшие загадки превзойти.
Оно ещё поможет, и не раз,
Учитель мой, в делах продолжить Вас!
Учитель!
Даже через много лет
Зажженный Вами не погаснет свет!!!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ!

Личный состав войсковой части 44841 Сил Воздушной Обороны ВС РК от всего сердца поздравляет командира части полковника **Бауыржана ЖИЕНБАЕВА** с замечательным событием в его жизни - Днем рождения!

Уважаемый **Бауыржан Акимжанович!**

Разрешите пожелать Вам крепкого здоровья, долгих лет жизни, а также семейного счастья и мирного неба над головой. Вы не останавливаетесь на достигнутом и все-да стремитесь к новым знаниям, обучаете молодых закалять характер настоящего воина, делитесь своим бесценным опытом и неустанно оказываете всяческую заботу и поддержку. Ваш жизненный опыт является для офицеров части примером для подражания и высокого патриотизма и любви к нашей Родине. Всегда оставайтесь таким же деятельным и инициативным, мира, благополучия Вашим родным и близким, успехов



в службе на благо нашей Родины!

Личный состав войсковой части
44841.
октябрь 2015 г.

Қазақ хандығының 550 жылдығына

АҚТӨБЕДЕГІ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ



Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып өтіп жатқан ауқымды мәдени шаралардың бірі - ақындар айтысы Ақтөбе өңіріне жеткенін хабарлайды Қазақстан жаңалықтар агенттігінің тілшісі. Ақтөбе жерінде ақындар айтысы өте сирек ұйымдастырылады. Сондықтан болар, жастар мен қариялар айтыс болады деген хабарды естіп, бір сағат бұрын Студенттер сарайына ағылыпты. Бәрі де жырды

аңсаған, шөліккеген. Жиналған халықты алдымен өңір басшысы Бердібек Сапарбаев құттықтады.

«Айтыс - өнегелі сөздің, мәдениеттің үлгісі. Халық сыйлайтын өнер біздің тарихымызбен бірге келе жатыр. Айтысқа келген әр азамат өзіне қосымша рух, күш алады. Айтыс мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерді насихаттайды, жастарға жақсы тәрбие береді», - деді облыс әкімі Бердібек Сапарбаев. Оның айтуынша, соңғы жылдары айтыс Ақтөбеде өте сирек ұйымдастырылған. «Көш жүре түзеледі» деп кемшілік пен кемшін тұстың реттелетінін жеткізді. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған аламан

(соңы 3 бет.)



ОТВЕТЫ НА ОБРАЩЕНИЯ, ПОСТУПИВШИЕ В ХОДЕ ОТЧЕТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА С НАСЕЛЕНИЕМ

1. Крутогузова А.Н. (Кисунько 4/1 кв. 9)

Вопрос: Перед домом 4/1 по ул. Кисунько есть небольшая яма, когда будете отсыпать грунтом?

Ответ: Яма покрыта, отсыпана грунтом силами ТОО «Ер-Тай».

2. Мадеко В. (БСА 30)

Вопрос: После дождя протекает с крыши. Когда будет ремонт крыши дома 30 по БСА?

Ответ: Причина протекания дождевых вод являются дефекты на покрытии мягкой кровли в виде расхождений шва покрытия сдвига покрытия, печных и вентиляционных труб.

КГП «УЖКР» при акимате города Приозерск в рамках подготовки к отопительному сезону 2015-2016 годов, за счет сборов платежей за эксплуатационное расходы будут выполнены работы по локальным работам кровли данного дома.

3. Мадеко В. (БСА 30)

Вопрос: Во дворе дома 30 по ул. БСА

есть ямы, когда будете покрывать дорожку?

Ответ: В текущем году на текущий ремонт ям, выбоин внутри дворовой территории данного дома, в городском бюджете не предусмотрены средства. Отделом жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города планируется разработка проектно-сметной документации по данным видам работ.

4. Джаулибаева З.А. (ул. Космонавтов 9/1-4)

Вопрос: В подвале дома по ул. Космонавтов 9/1 вся канализация течет в подвал, стоит запах, влага.

Ответ: ул. Космонавтов 9/1 находится на балансе МО РФ. 26 апреля 2015 года было направлено письмо за исх. №10-25/407 командиру в/ч 03080 МО РФ генералу О.Кислову.

5. Письменный вопрос из зала

Вопрос: Когда обратят внимание, на подъем возле магазина «Дуэт». Нет ни перил, ни нормальных ступенек. Подъем на

тротуар не облагорожен?

Ответ: По ул. Дорохова, в районе магазина «Дуэт» с одной стороны на подъемной лестнице установлена металлическая конструкция (перил).

6. Вопросы поступивших через ящик

1. **Вопрос:** В подвале дома по ул. Космонавтов 5 сорваны трубы канализации, вся канализация течет в подвал, стоит запах, влага, портится бетон на лестницах.

В цокольном этаже (в подвал) с улицы пробиты огромные дыры для проветривания, куда несознательные жильцы дома сваливают бытовой мусор, не донося его до мусорных точек.

Все это вкупе создает ужасный запах, особенно в летнее время, антисанитарию.

Просим Вашего содействия в решении этой многолетней проблемы.

Ответ: Работы по данному направлению включены в мероприятия по подготовке к отопительному сезону 2015-2016 гг. Вопрос взят на дополнительный контроль.

2. **Вопрос:** Между домами Абая, 15/1 и

Достык 16/3 стоит бывший жилой дом, от которого остался один этаж. Это здание владелец продает, на здании висит объявление. Рядом стоит многочисленные плиты, горы строительного мусора, на которых играют маленькие дети. В пустующем здании нет окон и дверей, в него заходят как взрослые люди (возможно для распития спиртных напитков и прочее), так и дети, играющие на улице. Там же лежат останки мертвых животных (собак и т.д.). Данная ситуация является опасной, как для жизни, так и для здоровья.

Просим Вас рассмотреть вопрос об организации на месте демонтированных домов детских дворовых площадок.

Благодарим за понимание!

Ответ: По данному обращению приняты меры. Убран весь строительный мусор. По указанным адресам установлены детские игровые площадки.

С. Оракбаева,

И.о. руководителя аппарата акима города Приозерск

Жолдауға қолдау

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2014 жылдың 11 қарашасы күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауы жарияланғанына барлығымыз күәгер болдық. Маңызды құжат жарияланғаннан бастап ел ішінде Жолдаудың маңызды тұстары қызу талқылануда.

Осы орайда, ағымдағы жылдың 25 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауын талқылау мақсатында оңтүстік аудан электр жүйелерінің қызметкерлерімен кездесу өтті. Кездесуде Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы, ақпараттық топ мүшесі Струментова Наталья Михайловна Елбасының «Нұрлы жол» ұлттық инфрақұрылымды дамыту жоспарының қандай мақсатта жүзеге асырылатындығы туралы

кен түрде түсінік берді. Оның ішінде Елбасы тарапынан айтылған мемлекеттік бағдарламаларға және қалада атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Алмас Ұлан Президентіміздің кезекті Жолдауының маңызды тұстарымен қысқаша таныстырып өтті. Елбасының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын көтермеу туралы тапсырмасының қатаң бақылауға алынып, қалада осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Жалпы кездесуге 40-қа жуық адам қамтылды.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ-АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік латынша «corruptio», ал қазақша «параға сатып алу», «пара» ретінде түсіндіріледі. Рим құқығында «corruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, парағасатыпалу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сақындығы ретінде сипаттайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы-мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюға бастама болып, жетістіктерді жоққа шығарып, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы



үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Өз тарапымыздан біз де тиісінше жұмыстар атқарудамыз. Атап айтқанда «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы іс-шаралар жоспары бөлім басшысының 2015 жылдың 5 қаңтарындағы № 4 бұйрығымен бекітілген. Аталған жоспарға сәйкес, келесі іс-шаралар атқарылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы және Қазақстан Республикасының өзге де Заңдарын насихаттау бойынша 7 сабақ өткізілді. Ол сабақтарды бөлім басшысы Ж.О.Есенжолов, бөлімнің бас бухгалтері А.И.Ағыбаева, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасары Ж.Т.Дулатова өткізді. Оның біреуі мемлекеттік сатып алулар, оларды ұйымдастыру және өткізу, бюджет қаржысын мақсатты жұмсау бойынша ҚР заңнамасының орындалуын қамтамасыз етуге арналды.

Мекемедегі мемлекеттік қызметшілердің 2014 жылғы жеке табысы және мүлік декларациясын уақытылы тапсыруы қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік қызметшілер тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратқа дер кезінде тосқауыл қою үшін сенім телефонының үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілген және сенім телефоны бойынша ақпарат жергілікті «Приозерский вестник» газетінде ай сайын жарияланып отырады.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ж. Есенжолов,

Приозерск қаласының құрылыс бөлімінің басшысы

АҚТӨБЕДЕГІ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

(соңы басы 2 бет.)

айтыстың негізгі мақсаты – айтыс өнерін мәдениетіміздің баға жетпес асыл мұрасы ретінде халыққа жан-жақты насихаттау, шешендік өнер мен көркемделген өнер-жыр, поэзия арқылы дәріптеп, мемлекеттік тілдің арнасын кеңейту. Ақтөбеде өткен айтыста тума таланттардың және сөз додасына бет бұрған жастардың көпшілікке танылуына мүмкіндік жасалды. Ақтөбелік жас ақын Марат Ахметов: «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы тарихымыз бізді ұлы болашаққа жетелейді» деп айтқан болатын. Биыл жақсы жыл. Жыл басталғалы 11 айтысқа «Нұр Отан» партиясы қолдау көрсетті. Соңғы қорытынды айтыс Алматыда деп жоспарланым отыр. Мен сол айтыстың бесеуіне қатысқанмын. Осы жерде Әбілқайыр хан бабамызды бейнесін ашуға, хандық, хандардың рөлі туралы айтуға мүмкіндік болды. Елдің санасы бір серпіліп қалды деп есептеймін» - деді.

Студенттер сарайына жастар өте көп жиналды. Олар үшін сахнадағы жыр додасы таңсық әрі құнды. Себебі, бұл жастар айтыс майталмандарын бұрын-соңды бетпе-бет көрмеген. «Ақтөбе қазақ тарихында ойып алған орны бар өңір. Басқасын былай қойғанда, Әбілқайыр ханның қолбасшылық енегінің өзі бір төбе. Айтыстың мақсаты – біреуді санап-мінеу емес, осы елдің арғы-бергі тарихын шолып отырып, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайды, халықтың рухани келбетін жырға қосу арқылы ұлтты ұйыстыру», - дейді ҚР еңбек сіңірген қайраткері, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте лауреаты, ақын Жүрсін Ерман. Ақтөбедегі жыр додасына Атыраудан



Шалқарбай Избасаров, Астанадан Аруна Керімбек, Алматыдан Айбек Ережепов, Айтбек Тұрсынбаев, ал Арқалықтан Тоба Өтепбаев, Павлодардан Оңғарбек Қабденов келді. Ал өзгесі ақтөбеліктер. Олардың арасында көпшілікке таныс Аян Сейітов, Қайнар Алағөзов, Оралбай Каметия, Марат Ахметов, Талғат Тілеулесов, жастар арасынан Ершат Қайболдин, Жәнібек Бейбітов бар. Аламан айтыстың жүлде қоры – 5 100 000 теңге. Бас жүлде – 1 500 000 теңге, I орын – 1 000 000 теңге, II орын – 700 000 теңге, III орын – 500 000 теңге. Ал жыр додасына қатысқандардың барлығына 100 000 теңгеден ынталандыру сыйлығы беріледі.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ



РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН

№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следован
1	Алматы-2-Астана	01.40	10	01.50	ежедневно
2	Астана-Алматы-2	01.21	10	01.31	ежедневно
3	Алматы-2-Астана	22.44	16	23.00	ежедневно
4	Астана-Алматы-2	22.56	15	23.11	ежедневно
9	Алматы-1-Астана	06.06	15	06.21	ежедневно
10	Астана-Алматы-1	07.58	15	08.13	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	04.25	15	04.40	нечетный
16	Петропавловск-Алматы-2	21.57	15	22.12	четным
43	Алматы-1-Костанай	06.30	15	06.45	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	21.31	16	21.47	ежедневно
45	Алматы-Павлодар	23.41	35	00.16	четным
46	Павлодар-Алматы	19.14	15	19.29	четный
51	Алматы-1-Караганда	03.57	15	04.12	ежедневно
52	Караганда-Алматы-1	01.41	15	01.56	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	09.27	15	09.42	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	21.21	15	21.36	ежедневно
75	Кызылорда-Астана	18.50	15	19.05	нечетный
76	Астана-Кызылорда	07.17	15	07.32	нечетный
80	Астана-Шымкент	06.05	15	06.15	нечетным
79	Шымкент-Астана	02.05	10	02.15	четным
85	Астана-Сарыагаш	17.15	18	17.33	ежедневно
86	Сарыагаш-Астана	09.05	23	09.28	ежедневно
303	Алматы-2-Свердловск	04.13	15	04.28	вт.чт.
304	Свердловск-Алматы-2	08.41	15	08.56	пт.вс.
305	Свердловск-Бишкек	08.41	15	08.56	пн.сб.
306	Бишкек-Свердловск	04.13	15	04.28	ср.сб.
315	Ташкент-Свердловск	04.13	15	04.28	воскресенье
316	Свердловск-Ташкент	08.41	15	08.56	среда
373	Алматы-2-Жезказган	12.42	15	12.57	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	02.49	15	03.04	ср.сб.
701	Петропавловск - Алматы	16.18	10		ежедневно
702	Алматы-Петропавловск		10	08.10	ежедневно
6892	Чу-Сарышаган	08.20			еж. кр. сб. вс. и прзд.
6891	Сарышаган-Чу			19.05	еж. кр. вс. пн. и прзд.
6898	Сарышаган-Мойынты	0:00			еж. кр. сб. вс. и прзд.
6897	Мойынты-Сарышаган			0:00	еж. кр. сб. вс. и прзд.

источник: сайт "Казахстан темир жолы"

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в.,
Объем 1,8. Коробка механика. Есть
запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг
уместен.

Обращаться по телефону: 87054617098,
87788541589, 87051795301

блокофара левая, б/у на Mazda- 626
(переходка). Телефон: 8707 204 02 60

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру
(распашонка), частично
меблированную, с телефоном, 2 этаж,
сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько,
15/3 -37, не угловая.

Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59

Приватизированную 2-комн. квартиру,
с телефоном. Красивый вид на озеро с
лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж,
не угловая.

Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу
Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6
этаж.

Имеется 2 балкона, все окна
пластиковые, квартира в хорошем
состоянии, лифт работает. Цена
договорная. Тел:8-701-481-47-98,8-747-
950-51-80, дом тел:5-52-40

Рассмотрим варианты!

КУПЛЮ

БАЛЛОНЫ кислородные, аргонные,

АНА ТІЛІМ-ТІРЛІГІМНІН АЙҒАҒЫ

(соңы. басы 2 бет.)

Он күндікті өткізу барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пән бірлестігі мұғалімдері түгел атсалысты. Атап айтсақ, «Он күндіктің ашылуы» Сағатова Бибисара апайдың ұйымдастыруымен мектеп оқушылары әдеби музыкалық кеш өткізді. Көңілді ән, мәнерлі оқылған өлең, бұралған биші қыздарымыз кештің ажарын келтірді.



Әнші қыздарымыз Аяжан мен Мадина өздерінің әсем әндерімен көрермендердің жүректерін тербесе, Батыл Булдіршіні Мұхтар Шахановтың «Ұлт тағлымы» өлеңін тамаша мәнерлеп оқығанда отырған көрермендердің көңілі толқып, тебіренбегені жоқ шығар. Жас жеткіншектердің бұйрыққанға, бұла жүректерінен шыққан лебіздеріне де көрермендер риза болды. Кішкентай ғана Шәмші, Айғаным, Аружанардың оқыған өлеңдері өте әсерлі шықты.

Он күндіктің келесі күнінде 6-сынып оқушылары арасында «Тіл - елдіктің туы» тақырыбында сайыс өткізілді. Бұл сайыста 6-сынып оқушылары бес топқа бөлініп, өз білімдерін ортаға салды. Оқушылардың тілге жүйрік, сөзге шешен екендіктері сайыс барысында байқалды. Бес топтың ішінен «Сұңқар», «Алғырлар», «Ойшылдар» тобы білімімен, тапқырлығымен алдыға озып шықты.

Ал, Хизирова Маржанкул мұғалім жаңа үлгіде, оқушыларды бірнеше топтарға бөліп «Ана тілім-тірлігімнің айғағы» деген тақырыпта сайыс өткізді. Бұл сайыс оқушылардың бойын-

дағы дарындылықты байқау, өлеңге деген қызығушылығын арттыру, мәнерлеп оқуды дамытуға үйретті. Сайыста оқушыларға ақын-ақындардың өлеңдерінен, жазушылардың шығармаларынан үзінділер келтіру, мақал-мәтелдерді жалғастыру берілген болса, Қасымова Гулмираның ұйымдастыруымен «Сөз мерген» тіл танымдық сайысы болып өтті. Мұнда оқушылардың сүбелі сөз сөйлеп, орамды ой айтуға бейім-делгендігін аңғардық. Он күндіктің соңғы күндерінде «Абай жаққан бір сөуле...» 6-7 сынып-ар арасында Абай өлеңдері мен Мұқағали өлеңдерін кім көп біледі? деген сұрақ төңірегінде және «Поэзия әлеміне саяхат» деген тақырыпта 8-9 сыныптар арасында жас ақын-дар мұшайрасы, «Тіл өлшеусіз қазына-өрісі кең әлем» деген тақырыпта сурет көрмесі өткізіліп, сол күні он күндігіміздің жабылу салтанаты болды. Іс-шараларға белсене қатысқан, көпшілік арасынан суырылып алға шыққан оқушылар марапатталды. Оқушылардың келешекте атабадан қалған тіл қазынасын сақтайтынына, тіл мерейін көтеретініне, қазақ халқының

арқа сүйер азаматтары болатынына көз жеткіздік. Болашағымызды баянды етер қаруымыз



тіліміз. «Ана тілімізді құрметтейік!» – деп үнемі айтудан жалықпайық.

Г.А.Калманова,
қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі жетекшісі

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

углекислотные, ацетиленовые, азотные
(40л,20л,10л,5л.). Баллоны
пропановые (50л, 27л.) Вентили
кислородные.

Колпаки. Емкости АГУ-2М
Емкости ЦТУ-8-10-12
телефон:8 701 203 37 44

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Аттестат о среднем образовании
№ 0183930 от 20.06.2008 года,
выданный средней школой №43
Актогайского р-на
на имя Кузиевой Кристины
Михайловны, в связи с утерей

Аттестат о среднем образовании
на имя Еримбетовой Гульмиры
Балтабаевны, выданный средней школой
им. 60-летия Казахстана г.Приозерск (1997-
2005 уч.г.), в связи с утерей.

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро,
качественно. Мад. Тел. 87026988613

ВНИМАНИЮ всех любителей

настольного тенниса!!!
В Школе искусств и спорта открыта
секция по настольному теннису для
взрослых. Секция работает по
вторникам и четвергам с 19.00 часов.
За справками обращаться в отдел
физической культуры и спорта по
телефону 5-44-93 (Дулатов Бауыржан
Тиштыбаевич).
Городской клуб любителей
настольного тенниса

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и
женской стрижкам, укладке, по
маникюру, наращиванию ногтей и
педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81
Время работы: с 10.00 час. до
19.00час.Выходной - Понедельник
На маникюр и педикюр запись по
телефону: 8-771-699-32-89; 8-778-854-18-33

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в
Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 39/424 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.